

**“Бекітемін”**  
« № 34 сәбилер - бақшасы» МҚКК басшысы  
3.В.Пустовая

20

ж.

“

”

наур.

## **Мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша комиссиясы туралы Қағидалары**

2019 жылғы «28» наурызда № 5 Хаттамасы бойынша педагогикалық кеңесте қабылданды

### **I. Жалпы ережелер**

- 1.1. Осы мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша комиссиясы туралы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 25-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына» сәйкес әзірленген.
- 1.2. Осы Қағидаларымен мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша (бұдан әрі-Комиссия) мектепке дейінгі ұйымының бағдарламасын іске асыратын, «Павлодар қ. № 34 сәбилер-бақшасы» (бұдан әрі-Сәбилер-бақшасы) тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттары комиссиясы қызметінің тәртібін айқындайды.
- 1.3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, қалалық әкімдіктің құқықтық актілерді, сонымен қатар осы Қағидаларды басшылыққа алады.
- 1.4. Комиссия Сәбилер-бақшасында құрылған, тұрақты қолданыстағы кеңесші органы болып табылады.
- 1.5. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.
- 1.6. Комиссия құрамына әкімшілік өкілдері, педагогикалық ұжымының тақ саннан тұратын комиссия мүшелері тағайындалады.
- 1.7. Комиссия құрамы басшының бұйрығымен оқу жылына бекітіледі.
- 1.8. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелері ішінен басшысымен тағайындалады.

### **II. Тегін тамақтануды беру тәртібі**

- 2.1. Жеңілдікпен тамақтану үшін есепке қою бойынша жұмысы жыл бойы жүргізіледі.
- 2.2. Тегін тамақтануға қоюдың бастамашысы болып тәрбиеленушілердің өтініш беруші-ата-анасы немесе оларды алмастыратын тұлғалары болып табылады - жазбаша түрде өтініш беру және толық құжат пакетінің ұсыну арқылы. Ерекше

жағдайда ғана жеңілдікпен тамақтануға қою бастамашысы болып ата-ана өкілдері тобының жұртшылығы немесе тәрбиеші жасай алады.

Тегін тамақтануды алу құқығын растайтын өтініш пен құжаттар туындаған кезден бастап Сәбилер-бақшасының комиссиясына беріледі.

2.3. Мектеп жасына дейінгі баланың ата-анасының (заңды өкілдерінің) немесе оларды алмастыратын тұлғалар, өтініш берген кезде, тегін тамақтануды тағайындау үшін негіз болатын, ұсынылған мәліметтердің уақыттылығы және нақтылығы үшін жауапты болады.

Ағымдағы ай ішінде өтініш беруші тегін тамақтануды алуына негіздемесінің өзгерген жағдайында ол туралы уақтылы Комиссияға хабарлауға міндетті.

2.4. Мектеп жасына дейінгі баланың ата-анасы (заңды өкілдері) немесе оларды алмастыратын тұлғалар Комиссияға тегін тамақтануды алуды қарастыру үшін мынадай растайтын құжаттар ұсынылған кезде жүзеге асырады:

1) ата-анасының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың еркін нысандағы жазбаша өтініші;

2) туу туралы куәлігінің көшірмесі - көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін қамқорлықты (қорғаншылықты) және патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтаманың көшірмесі;

4) мүгедектер және бала кезінен мүгедектер үшін мүгедектігі туралы анықтама немесе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның медициналық қорытындысының көшірмесі;

5) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін өтініш берушінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын растайтын анықтама;

6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін алынған табысы туралы анықтама (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа қызмет түрлерінен түсетін кірісі, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі кірістер).

2.5. Өтініш қарау кезінде комиссия отырысына тікелей өтініш беруші немесе сенімхат негізінде әрекет ететін, оның өкілі шақырылады. комиссия отырысында өтініш берушінің, немесе оның өкілінің болмауы берілген өтінішті қарау үшін кедергі болып табылмайды.

2.6. Комиссия өтініш бойынша келесі шешімнің бірін қабылдайды:

- тәрбиеленушіге тегін негізде тамақтануды беру;

- сәйкес дәйектемесімен тәрбиеленушіге тамақтануды тегін негізде беруінен бас тарту

2.7. Әр өтініш бойынша комиссияның шешімі отырыс хаттамасында тіркеледі.

2.8. Комиссия отырысының шешімінің негізінде басшы мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтануына құқығы бар, балалардың тізімін бекіту туралы бұйрық шығарады.

2.9. Сәбилер-бақшасының көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалар тізімі, тегін тамақтануда мұқтаж болған, Павлодар қаласының білім беру Бөліміне ұсынылады.

2.9. Күнделікті тегін тамақтануды ұйымдастыру тәрбиешілер, диетабикесі іске асырады.

2.9.1. Тегін тамақтануына арналған балалардың қатысу табелі бухгалтермен рәсімделеді және Павлодар қаласының Білім беру Бөлімінің бухгалтериясына есеп беру үшін тапсырылады.

### **III. Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

3.1. Тегін тамақтану бойынша Комиссия мүшелері құқылы:

- даулы мәселелерді анықтау үшін, тегін тамақтануға өтініш берген отбасыларға қосымша баруды ұйымдастыру;
- өтініш берушімен ұсынылған шешім қабылдағанға дейін және кейін де құжат тексерісін жүргізу, тегін негізде тамақтана алатын тәрбиеленушінің құқығын анықтау мақсатында;
- балалардың тегін тамақтануында бас тартылады: из семей, табысы бар отбасылардан, белгіленген мөлшерден асатын немесе қаржы құжаттарының болмаған кезінде;
- тәрбиешімен бірлесіп тегін тамақтануды алу үшін, өмірдегі қиын жағдайда болған, тәрбиеленушінің отбасысының тұрғын үй жағдайларының тексеру актісін жасау;
- тегін тамақтануды ұйымдастыру үшін бақылауды жүзеге асыру;
- мектеп қызметкерлерімен және ата-аналарымен өз шешімінің құрметтеуіне.

3.2. Комиссия мүшелері міндетті:

- тегін тамақтануды беру немесе бас тарту туралы әділдікпен шешім шығару;
- қаралған мәселенің нәтижесі туралы уақтылы ата-аналарға хабарлау;
- ата-анасы, тәрбиеленушілері және олардың отбасы мүшелері туралы дұрыс әрі құрметпен қарау;

### **IV. Сәбилер-бақшасында тамақтандыруды ұйымдастыру.**

4.1. Сәбилер-бақшасында тамақтануды ұйымдастыру санитарлық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», ҚР денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген, «Балалар бөбекжайында, балабақшаларда және мектепке дейінгі санаторий ұйымдарында тәрбиеленетін балаларды тамақтандыру нормалары (бір балаға күніне граммен)

2.7. Әр өтініш бойынша комиссияның шешімі отырыс хаттамасында тіркеледі.

2.8. Комиссия отырысының шешімінің негізінде басшы мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтануына құқығы бар, балалардың тізімін бекіту туралы бұйрық шығарады.

2.9. Сәбилер-бақшасының көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалар тізімі, тегін тамақтануда мұқтаж болған, Павлодар қаласының білім беру Бөліміне ұсынылады.

2.9. Күнделікті тегін тамақтануды ұйымдастыру тәрбиешілер, диетабикесі іске асырады.

2.9.1. Тегін тамақтануына арналған балалардың қатысу табелі бухгалтермен рәсімделеді және Павлодар қаласының Білім беру Бөлімінің бухгалтериясына есеп беру үшін тапсырылады.

### **III. Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

3.1. Тегін тамақтану бойынша Комиссия мүшелері құқылы:

- даулы мәселелерді анықтау үшін, тегін тамақтануға өтініш берген отбасыларға қосымша баруды ұйымдастыру;
- өтініш берушімен ұсынылған шешім қабылдағанға дейін және кейін де құжат тексерісін жүргізу, тегін негізде тамақтана алатын тәрбиеленушінің құқығын анықтау мақсатында;
- балалардың тегін тамақтануында бас тартылады: из семей, табысы бар отбасылардан, белгіленген мөлшерден асатын немесе қаржы құжаттарының болмаған кезінде;
- тәрбиешімен бірлесіп тегін тамақтануды алу үшін, өмірдегі қиын жағдайда болған, тәрбиеленушінің отбасысының тұрғын үй жағдайларының тексеру актісін жасау;
- тегін тамақтануды ұйымдастыру үшін бақылауды жүзеге асыру;
- мектеп қызметкерлерімен және ата-аналарымен өз шешімінің құрметтеуіне.

3.2. Комиссия мүшелері міндетті:

- тегін тамақтануды беру немесе бас тарту туралы әділдікпен шешім шығару;
- қаралған мәселенің нәтижесі туралы уақтылы ата-аналарға хабарлау;
- ата-анасы, тәрбиеленушілері және олардың отбасы мүшелері туралы дұрыс әрі құрметпен қарау;

### **IV. Сәбилер-бақшасында тамақтандыруды ұйымдастыру.**

4.1. Сәбилер-бақшасында тамақтануды ұйымдастыру санитарлық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», ҚР денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген, «Балалар бөбекжайында, балабақшаларда және мектепке дейінгі санаторий ұйымдарында тәрбиеленетін балаларды тамақтандыру нормалары (бір балаға күніне граммен)

»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген.

4.2. Жеңілдік алған тәрбиеленушілерге, төрт реттік тегін тамақтану ұсынылады: таңғы ас, түскі ас, бесін ас және кешкі ас.

4.3. Сәбилер-бақшасында тәрбиеленушінің болмаған кезінде (сырқаттану, ата-анасының демалысы, жазғы-сауықтыру кезеңі, ата-анасының өтініші), тамақтануға арналған ақшалай қаражаттың орнын толтыру, соның ішінде азық-түліктің жүргізілмейді.

4.4. Сәбилер-бақшасының әкімшілігі бюджеттік қаражат есебінен тамақтанатын, қаржыландыру үшін Павлодар қаласының білім беру Бөліміне айсайын көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалардың қатысу есеп беру-табелін ұсынады.

#### **V. Комиссияның іс қағаздарды жүргізуі**

5.1. Комиссия қызметін регламенттеуші құжаттарға, мыналар кіреді относятся:

- Мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша комиссиясы туралы қағидалары;
- Мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша комиссияны құру туралы бұйрығы;
- Мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша комиссия отырыстарының хаттамалары;
- Комиссияға өтініш берушінің ұсынылған құжаттары;
- Мектепке дейінгі ұйымында тегін тамақтануға арналған құжаттарды қабылдау тіркеу журналы;
- Сәбилер-бақшасының тәрбиеленушілеріне тегін тамақтануды беру туралы бұйрықтары;
- Тегін тамақтануды алушы, балалардың қатысу табелі

5.2. Хатшы барлық комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді.

Хаттама дауыс беруде қатысқан, комиссия төрайымымен, хатшысымен және комиссия мүшелерімен қол қойылады.

5.3. Іс қағаздарын жүргізу үшін жауапкершілігі Комиссияның және оның құжаттарын жедел сақталуы комиссияның төрайымы мен хатшысына жүктеледі.